



Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірлескен шешімі 2001 жылғы 12 қазандағы N 13/5-70 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2001 жылдың 19 қарашасында N 485 тіркелді

Тимирязев аудандық мәслихатының сессиясы мен аудан әкімінің сұрауы негізінде және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Z934200_1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес облыстық мәслихаттың XIII сессиясы мен облыс әкімі ШЕШІМ етті:

1. Оның аумағын Мичурин селолық округінің құрамынан бөлу және оған Ақсу мен Аралкөл селоларын қосу жолымен Белоградовка селолық округі құрылсын. Оның әкімшілік орталығы болып Белоградовка селосы белгіленсін.

2. Оның аумағын Степной селолық округінен бөлу жолымен Интернационал

селолық округі құрылсын. Оның әкімшілік орталығы болып Дружба селосы белгіленсін.

3. Тимирязев ауданының әкімі В.А.Колода құрылған селолық округтердің аппараттарын қалыптастыруға және берілген лимиттер шеңберінде штаттық санын ұстауға қаржы белгілеуге міндеттелсін. Аудандағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты екі айлық мерзім ішінде қажетті процессуалдық істер жүргізілсін.

Шешімнің орындалуы туралы 2001 жылғы 15 желтоқсанға хабарлайтын болсын.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат

XIII сессиясының төрағасы

(Маман: Ысқақова Д.Қ.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК